

3. **Елисеева И.Г., Ерсарина А.К.** Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации, ННАЦ КП, 2019 г., с. 23.

4. **Сулейменова Р.А., Ильмуратова Г.А.** Психолого-педагогическое обследование (командная оценка) детей с ограниченными возможностями, 2019 г., с. 15-17.

5. **Сулейменова Р.А., Жалмухамедова А.К.** Родительские опросники KIDS и CDI Алматы: центр САТР, с. 30.

ӨОЖ 37.025

ЕРТЕГІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУДЫ ДАМУ

Ахметжанова Н. З. – *Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп жанындағы мектеп интернатында бастауыш сынып мұғалімі, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы.*

Автор мақалада ертегі оқытудың маңыздылығына тоқталған. Оның адамның мәдениеттілігіне, рухани байлығына ықпал ететіндігін дәлелдегісі келген. Балалар кітапханасында оқушымен бірге жүргізілген бақылауының негізінде оқушылардың бүгінгі қызығушылығын анықтаған. Ертегі оқыту арқылы креативті ойлауды дамытуға болатындығын сөз еткен.

Кілт сөздер: ертегі, ертегі терапиясы, кітап, креатив, кітапхана, бақылау, салыстыру, ойлау, рухани мүгедектік.

Тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге рухани азық сыйлайтын әдебиет құндылықтардың бірі – ертегі. Оның атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық әдеби қазына. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Ертегіде қиял мақсатты түрде пайдаланылады, сондықтан ол әсіреленіп, ғажайыпқа айналады және біршама өзінше дамып отырады. ертегідегі ғажайып қиял адамның күнделікті көріп жүрген заттары мен құбылыстарын саналы түрде басқаша етіп көрсетеді, өйткені бұл жанрда ғажайыптың көркем бейнелеуіш құрал ретінде қолданылады. Өмірдегі шынайы нәрсенің өзін әдейі өзгертіп көрсету – ертегінің өзіндік қасиеті болғандықтан, ертегіші де оның мазмұнын барынша әсірелеуге, ғажайыпты етуге күш салады. Сонымен бірге ертегідегі оқиғалар мен іс-әрекеттердің қаншалықты әсерлі болуы ертегішіге ғана емес, сондай-ақ тыңдаушыға да, ертегінің айтылу жағдайына да байланысты. ертегіде қиял мен ғажайып әрі идеялық та мақсатта қолданылады. Ертегі – адамның рухани азығы [1].

Бүгінгі таңда ертегі оқып, тәрбие алатын балалар азайып бара жатыр. Осы мәселе мақаланың өзектілігін айқындайды. Мақсаты: Ертегіге қанып өскен баланың артықшылықтарына тоқталу. Ол үшін ертегінің пайдасы талданып, балалар кітапханасында зерттеу жүргізілді, ертегі жайлы Бауыржан Момышұлының ойы негізінде төл ертегіміз бен заманауи ертегі салыстырылды. Қазіргі бала тәрбиесіндегі ертегінің орнының маңыздылығы сарапталды. Балалармен жұмыс істеуде тиімді әдістердің бірі – ертегі терапиясы болып табылады. Ертегі балалық шақтан бастап әркімнің өміріне сән беріп келеді. Сірә, қызықты, сиқырлы да таңғажайып оқиғалар қызықтырмайтын бір де бір бала жоқ шығар [2].

Ертегілерді қолдану тарихтың тереңінен халық ауыз әдебиетінен алғаш бастау алған. Бүкіл әлемде ертегі оқу сәбилер мен үлкен адамдар арасындағы қарым-қатнастың ерекше түрі бола отырып, білім беретін әрі адамгершілік тәрбие беру түріндегі салт-дәстүр болып табылады. Бүгінгі таңда да, адамдар саналы түрде ертегілерге салынған білім көзіне тартылады. Осы кезде бұл әдіс ертегі терапиясы деген атауға ие болып отыр. Ертегі дүниені ішкі жағынан ақтарып, кейіпкерді жағымды іс-әрекеттері арқылы, көптеген үрейлі жағдайлардан арылтып, баланың сана-сезіміндегі қайшылықтарды шешуге мүмкіндік береді. Бала ертегі кейіпкеріне ұқсағысы келген кезде ертегі терапиялық әсер етеді. Ертегі жақсылыққа үміт береді де, баланың өмірінде болып көрмеген бірқатар өмірлерде өзін көз алдына елестеткізеді.

Бұл әдіс мектепке дейінгі балаларда, кіші мектеп жасындағы және басқа жастағы балаларда кездесетін көптеген қиындықтарды шешуде көмектеседі. Ертегі терапиясы арқылы сенімсіз, агрессивті, қорқынышы басым балалармен жұмыс істеуге болады, олармен: ұят, өтірік, кінәні сезіну және түрлі психосоматикалық аурулармен т.б. қиындықтарда қолданылады. Сонымен қатар, ертегітерапия үдерісі балаға өз қиындықтарын түсінуге, талқылауға және де сол қиындықтарды шешудің түрлі жолдарын көруге мүмкіндік береді.

Бедделді ертегі терапевтердің бірі Т.Д. Зинкевич ертегі терапиясын рухани білім беретін, әлеуметтік тұрғыдан адамды жүзеге асыратын және адамның рухани табиғатын дамытатын, тәрбие жүйесі ретіндегі тәсілдер жиынтығы деп анықтама берген [3, 12].

Оқушым інісімен «Алтын сақа» ертегісі бойынша тәжірибе жүргізіп көрді:

	Оқушының әрекеті	Інісінің әрекеті
1-рет	Ертегіні мазмұндап берді	Аса тыңдай қоймады
2-рет	Кітаптан сурет арқылы көрсетіп мазмұндағанында	Қызығып әрі қарай не болатынын сұрай бастады.
3-рет	Әр кейіпкердің даусын салып қызықтыранында	Көңілі көтеріліп, шаттана, менімен жарыса сөйлеп, өзі мазмұндай бастады
4-рет	Ұмытып қалған жерлерін есіне түсіртіп отырды.	Ертегіні өзі айтып шықты
5-рет	Ол тыңдады.	Інім өзі әңгімелеп берді. Соңын өз қиялымен аяқтады.


Төмендегідей қорытындыға келді:

- Інісі адамдардың алдында ұялмай сөйлейтін болды;
- өз ойын еркін жеткізетін болды;
- өз қиялына ерік беріп, ертегі ойлап табуды шығарды;
- тілі мен ой өрісі дамыды;
- суретпен жұмыс істеуге қызығушылығы артты;
- өзіне деген сенімділігі туды;
- оқыстан қойылған сұрақтарға дайын болуға машықтана бастады;
- ұлттық тәрбиеден нәр алды т.б.

Яғни қызықтыра білсе, бала қолындағы планшетін де, ғаламтордағы мультфильдер мен ойындарға да көз жұма қарай бастайды екен. Тек осыны әркім түсіне біліп, 24 сағаттың 24 минутын ертегі айтуға, ұлттық құндылықтармен балаларын сусындатуға арнағаны абзал.

Ертегіні көбінесе бастауыш сынып оқушылары оқитын болғандықтан, балалар кітапханасында оқушы зерттеу жүргізді. Сағат 14:00 мен 18:00 аралығында келушілердің санын 1 апта бақылады. Нәтижесі төмендегідей болды:

1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып	5-сынып
11	13	25	8	5



Себебін сұхбат жүргізу арқылы анықтады.

- * 1-сынып оқушылары әріпті жақсы танымайды, сондықтан өз оқулықтарымен шектеледі екен;
 - * 2-сыныпта қызығушылық артады екен;
 - * 3-сыныпта қызығушылық одан сайын артса;
 - * 4-сыныпта оқу бағдарламасы қиындайды және олар да есейіп, ұялы телефон, интернетпен көп әуестенеді;
 - * 5-сыныпта балалар жоғары сыныпқа өтетіндіктен, бейімделу жүреді, сондықтан кітапқа көп көңіл бөле бермейді. Сонымен қатар электронды кітапты оқиды деген қорытынды шығарылды.
- Төл ертегіміздің бірегейі – «Ер Төстік». Аталған ертегі шетелдік «Еріншектер елі» ертегісімен салыстырылды:

«Ер Төстік» (айырмашылығы)	Ұқсастығы	«Еріншектер елі» (айырмашылығы)
<i>Мыстан кемпір</i>	<i>Қиял ғажайып</i>	<i>Робби</i>
Ер Төстік салмақты жылдам өседі, аңқау ата-анасын, ауылды қуантады алып күш иесі, күшіне сенеді елін асыраушы бата алушы ағаларын құтқарушы	<i>батыр батыл ақылды елі үшін қызмет етеді құтқарушы еңбекқор</i>	Спорткус ұшқалақ балалығы суреттелмейді тым ақкөңіл достарын қуантады көп қимылдайды, секіреді, ептілігіне сенеді еріншектермен күреседі

<p>Кенжекей <i>Биязы</i> <i>Ұстамды, салмақты</i> <i>Өз ойын тұспалмен, жұмбақтап</i> <i>айтады, қылықты</i> <i>Шашы қара, ұзын, шолпы тағады,</i></p>	<p><i>әдемі</i> <i>ақылды</i> <i>саналы</i></p>	<p>Стеффани <i>адамға тік қарайды</i> <i>Ұшқалақ</i> <i>Өз ойын ашық айтады,</i> <i>Шашы қысқа, қызғылт</i></p>
--	---	--

Бұнымен не айтуға юолады? Бұл кестеде үлкен айырмашылық бар. Яғни бүгінде балалардың көбі «Еріншектер елі» мультфильмін көреді. Ондағы кейіпкерлерге еліктейді. Бүгінгі ұл балалар ертең салмақсыз, ұшқалақ болып, ал бүгінгі қыз балалар, болашақ аналар қазақи болмысын жоғалтып алу қаупі тұр. Оның алдын лау жолы балаға кітап оқыту, ертегімен баулу. Санасын ұлттық қормен торлау керек.

«Ертегісіз өскен бала – мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертегі арта бермейді содан қорқам. Ал маған кәрі алам Қызтумас ертекті көп айтатын», – дейді Бауыржан Момышұлы. Қазіргі таңда жасөспірім әрқайсысы әр түрлі тәрбие алып жатыр. Ал сол бала тәрбиесінде ертегіге орын бар ма? Тіпті төл бесікті электрондық бесіктің алмастырып жатқаны мені алаңдатады. Сондықтан өсіп келе жатқан ұрпақтарымызды қадағалап, оларға дұрыс жол сілтеп, қазақилығымызды жоғалтпауға тырысайық. Бұл сұрақ күнделікті өмірде көп адамды толғандыра бермейді. Бірақ біздің ойымызша, ертегінің бала тәрбиесінде орны зор. Ертегіге қанып өскен баланың жан дүниесі рухани байлықтармен толығыады, ондай адам қашан да мәдениетті болады. Сол себепті өсіп келе жатқан жас бұтақтарымыздың бойына қазірден бастап ертегіні және оның қадір-қасиетін түсіндірген дұрыс болмақ.

Кітап – адамның барлық уақыттағы ең жақсы және сенімді досы. Кітап – адамның өмірлік серігі. Оқыған кезде есте сақтау, ойлау қабілеті дамиды, әдемі сөйлеу машығы қалыптасады. Оқушының болашақ білімінің және қоғамдағы қарым-қатынасының іргетасы қаланады десе де болады. Шынында да, компьютерлердің пайда болуымен кітапқа деген қызығушылық айтарлықтай төмендеді, адамдардың оқуға деген көзқарасы өзгерді, яғни олар аз оқи бастады. Оқуға деген сүйіспеншілікті мектеп қана емес, отбасы да оятуы керек. Сондықтан кітап оқуға қызықтырудың алғашқы баспалдағы ертегі оқытудан басталу керек.

Мақалада қазіргі бала тәрбиесіндегі ертегінің рөлі талданып, ертегісіз өскен бала рухани мүгедек адам болатындығына және бәсекеге қабілетті бола алмайтындығына дәлелдер келтірілді. Ертегі – креативті ойлауды дамытудың құралы.

Әдебиеттер тізімі

1. **Ертегілердің жанрлық ерекшеліктері** / <https://infourok.ru/erteg>
2. **Қазақ ертегілері II том.-А., – 2002**
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. -Алматы, Ана тілі. 1991, 12 бет

ӘОЖ 37.01

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ – ПЕДОГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Байғазы Ж. Н. – ағылшын тілі мұғалімі, Жақсы ауылының №1 жалпы орта білім беретін мектебі.

Бұл мақалада қазіргі жаһандану жағдайда Ыбырай Алтынсариннің педогогикалық көзқарасы жазылған. Ұлы педогогтың негізгі қызметімен қатар қазіргі білім үлгісінің жүргізілуі қарастырылған.

Түйінді сөздер: эмбебаптық, қағида, толеранттылық, надандық, интеграция, жаһандану, мәдениеттілік, бәсекеге қабілеттілік, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі анықтау.

Қазақстан үшін отандық мәдениетті трансформациялау жолдарының бірі оның түркі-ислам әлеміне енуі болуы мүмкін. Оны тіл, салт-дәстүрдің ұлттық тамырларының көп ғасырлық ортақтығы байланыстырады. Бірақ біздің «еурациялық кеңістік» деп айқындаған ХХІ ғасырда қазақстандық қоғамды дамытудың неғұрлым қызықты және сол уақытта перспективалы жолы болуы мүмкін. [7]

Қоғамның жаһандану идеясы жаңа ғана емес екі ғасыр бұрын ғарыш, ақыл және әлеуметтік даму күштерінің жаһандық өзара әрекеттесу теориялары қалыптаса бастады. Олар өркениетті елдердегі білім мазмұнына әсер ете алмады. Мұндай дүниетанымдық көзқарас жаһандық білім деп аталады (бұл термин негізінен АҚШ-та қолданылады) немесе «планетарлық ойлау» (көбінесе Ресей мен ТМД елдерінде қолданылады). [3]